

**Қ.Е.Ералин<sup>1</sup>, Ғ.Қ.Ералина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.д., проф., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан (e-mail: [kuandyk.yeralin@ayu.edu.kz](mailto:kuandyk.yeralin@ayu.edu.kz))

<sup>2</sup>п.ғ.к., Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан  
(e-mail: [aika\\_eraly@mail.ru](mailto:aika_eraly@mail.ru))

**Зергерлік өнер шебері Қ.Тасов шығармашылығының  
өнертанымдық қырлары**

**Түйіндемe**

Мақалада зергерлікпен айналысатын қолөнер шебері Қ.Тасовтың өмірі мен шығармашылығының өнертанымдық қырлары қарастырылған. Зергердің Түркістан қаласында Қолөнер орталығында көне зергерлік өнерді зерттеуі, осы орталықтағы қолөнер мектебінде зергерлік өнер сыныбында дәріс берудегі педагогикалық қызметі талданған. «Қазақстан Республикасы Қолөнер шеберлері одағының» мүшесі Қ.Тасов туындыларының көркемдік ерекшеліктері ашып көрсетілген. Халықаралық Республикалық көрмелерге қатысып, шығармалары өнер конкурстарында жүлделі орын алған еңбектерінің көркемдік ерекшеліктері ашылған. Таңдаулы зергерлік бұйымдарының дәстүр жалғастығы, форма құрауы, эргономикасы, мақсат бағдарлығы, жеке даралығы өнертанымдық көркемдік өлшем ретінде алынып, зергерлік өнер технологиясы бойынша көркем бұйымдардың дәстүрлі үлгілерін жасау үдерісіндегі тұрмыстық қажеттілік, әсемдік сұраныс, жеке даралық тұрғысынан қарастырылған. Қ.Тасовтың шәкірттерге көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру ісінің мазмұны, әдіс-тәсілдері айқындалып, материал таңдаудағы оның сұраныс пен формаға сәйкестігін табу әдістері сипатталған.

**Кілт сөздер:** форманы зерттеу, ұлттық дәстүр, өнердегі даралық, өнердегі дәстүр, өнертанымдық ойлар, көркемдік білім, эстетикалық тәрбие

**K.Yeralin<sup>1</sup>, G.Yeralina<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Doctor of pedagogical sciences, professor, Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (e-mail: [kuandyk.yeralin@ayu.edu.kz](mailto:kuandyk.yeralin@ayu.edu.kz))

<sup>2</sup>Candidate of pedagogical sciences, International University, Shymkent, Kazakhstan  
(e-mail: [aika\\_eraly@mail.ru](mailto:aika_eraly@mail.ru))

**Art Products of Jewelry Artist Kalmyrza Tasov**

**Abstract**

The article reveals different aspects of K.Tasov's life and work. It analyzes the results of the study of the ancient jewelry in the center of arts and crafts in Turkistan, its pedagogical teaching activities jewelry classes. The article reveals the artistic features of the work of a member of the Union of masters of applied art. The product's artistic feature of the artist who exhibited and received a prize in international, national, exhibitions is described. The succession tradition, form ergonomics, appropriateness, originality selected

jewelry art is defined as artistic dimension. In the process of product design in technology of processing of metal at the ancient technology jewelry is considered as domestic demand to cresote, the study of the original products.

The content and methods of artistic education and aesthetic education of the famous master is described. The methods of work like the choice of the material, the definition of compliance to the needs and forms of the product of the jewelry artist are characterized.

**Key words:** research of form, national tradition, originality in art, traditional art, history of art, history activity of art, criticism thoughts of art, art education, aesthetic education

Түркі әлемінің мәдениетінде қазақ халқының зергерлік өнері маңызды орын алады. Қазақ халқында зергерлік өнермен айналысқан шеберлер көп болған. Бірақ, олар туралы өнертанымдық материалдар бізге жетпеген. Қазіргі кезде Ұлы дала елінде ата-бабамыздың ежелгі дәстүрлі зергерлік өнерін зерттеп, заманауи сұраныстарға лайық жаңа технологияларды пайдаланып, этнобұйымдар жасайтын шеберлер қатары көбеюде. Солардың ішінде түркістандық зергер, қолөнер шебері Қалмырза Тасовтың шығармашылығы ерекше орын алады. Бабалар дәстүрін жалғастырып келе жатқан шебердің шығармашылық ерекшелігі ежелгі зергерлік дәстүр мен қазіргі заманауи зергерлік өнерді ұштастыру болып табылады. Шебердің тағы да бір ерекшелігі - оның шығармашылық шеңберінің ауқымдылығы, металдан әртүрлі өңдеу технологияларын қолдануы және қазіргі заманауи сұраныс талаптарына сай этнодизайнерлік жобалар жасауы [1, 2, 3]. Зергер, шебер Қ.Тасовтың шығармашылығын өнертанымдық зерттеу, оның этнодизайнерлік жұмыстарын мынадай бағыттарға бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: әйелдерге арналған әшекейлер (сырға, білезік, тұмар, сақина, оймақ), киімге арналған заттар (қапсырма, түйме, шашбау, белгілер), дене тазалығының жабдықтары (күміс құман, қалайы леген, темір табак, алтын қасық т.б.), ас құралдары (ожау, күміс қасық, құман, сүзгі т.б.), киіз үйдің ағаш бөлшектерін сәндеуге арналған белгілер (сандық, қоржын, күбі т.б.), ағашты, былғарыны безендіру әшекейлері (қамшы, ер-тұрман, жүген, өмілдірік, құйысқан т.б.), қару-жарақтар (қылыш, садақ, найза, оқ, дулыға, қалқан т.б.), ат-әбзелдерін безендіру (қамшы, ер-тұрман, жүген, өмілдірік, құйысқан т.б.) [5, 6, 7].

Қазақтың бейнелеу өнерінің құрамындағы сәндік қолөнерін мәдениеттану тұрғысынан зерттеуге Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, Ә.Тәжімұратов, М.Мұханов, Қ.Әміргазин, С.Қасиманов ауқымды үлес қосқан. Сәндік қолданбалы өнер үлгілерін пайдалану арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселелері мен болашақ

мұғалімдерді кәсіптік шеберлікке баулу жолдары Е.Асылханов, Ұ.Әбдіғаппарова, К.Ералин, Б.Ижанов еңбектерінде қарастырылған [2, 3, 4].

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін мектептегі бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың бейнелеу іс-әрекеттері мен шығармашылық қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктері Ө.Қамақовтың, Ж.Балкеновтың, С.Жолдасбекованың, Ұ.Әбдіғаппарованың зерттеулерінде ашып көрсетілген. Эстетикалық тәрбие мәселелері республикамыздың бейнелеу өнерін оқыту саласындағы ғалымдар Қ.Әмірғазин, С.Аманжолов, Б.Әлмұханбетов, Д.А.Кемешов А.Қамақов, Ж.Балкенов, Б.Оспанов, М.Абдрасилов еңбектерінде негізделген. Ғылыми әдебиеттер мен өнердегі практиканы талдау жеке қолөнер шеберлерінің шығармашылығын өнер мен педагогика теориясында, практикасында жеткілікті көрініс таппағандығы айқындалды. Бұл мәселе, халықтың ұлттық өнерді тануға деген сұраныс пен ондай ақпараттардың өнертанымдық ғылыми айналымдар мен республика баспасөзінде жеткіліксіздігі арасында, ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығын танудың қажеттілігі мен бұл үдерісті танудың критерилерінің болмауы арасында орын алған қайшылықтардан көрінеді.

Қазақстанның өркениет әлемінен орын алып, дамыған елдер қатарына қосылуға ықпал ететін, бірден бір шарт – білімді ұрпақ өсіру мен тәрбиелеу болмақ. Сондықтан қазіргі еліміздің алдында біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндетімен қатар, жеткіншектер санасында туған халқының мәдениетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, тарихы мен өнерін қастерлеуге тәрбиелеу қажеттігі көрінуде. Жас ұрпақтың қолөнерді тануы жеткіліксіз болуы мен олардың ұлттық мәдени мұраларды қолдану арқылы мектеп оқушыларының білім алуында мәдени мұраларды қолдануға деген баға беру бағдарының жеткілікті дәрежеде қалыптаспағандығынан, сонымен қатар ұлттық қолөнерді жарнамалау жеткіліксіздігінен көрінеді.

Зергерлік ұғымына деген ғалымдардың әртүрлі көзқарастарын талдау нәтижелері зергерлік түсінігінің мынандай негізгі құрамдаушылар болатындығын көрсетті: қолөнер білімдерінің бір саласы; алда тұрған металдан бұйым жасау іс-әрекеттің нәтижелі атқару үшін қажетті практикалық іскерліктер мен дағдылар нәтижелері; металл өңдеу шеберінің кәсіптік және жеке тұлғалық

сапасы. Металл өңдеу өзіндік бейнелік тілі, көркемдік ойы бар халық мәдениетінің бір саласы болып табылады. Зергерлік өнердің бейнелік тілін меңгертуде, халқымыздың бай мұрасын игерудегі құнды ой-пікірлер мен татымды түйіндердің негізін қазақ ағартушыларының ой пікірлері мен көзқарастарынан байқаймыз. Олар қазақ халқының өткен өмірі мен болашағы жайлы ой-арманын, тілегін көрсетіп, ұлттық қолөнерге көңіл аудару қажеттігін ескерткен.

Қазақтың зергерлік өнері атадан-балаға үйретілетін өзіндік көркемдік ұстаздық дәстүрі бар халықтық мектеп болған. Бұл халықтық дәстүрдегі мектеп қазірге дейін жалғасып келеді. Қазіргі кезде қандай ауыл, қала болмасын халық шеберлері көптеп саналады. Солардың бірі – зергер Қалмырза Тасов. Зергер шығармашылығының ерекшелігі ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығымен анықталады. Зергерлік өнер – сән өнерінің және қолөнердің ежелгі түрлерінің бірі. Металды асыл немесе жартылай асыл тастармен әшекейлеуге негізделген. Зергерлік өнерге әсемдік бұйымдар мен ыдыс-аяқ жасау, қару-жарақ пен ат әбзелдерін әшекейлеу де жатады. Зергерлік өнерде шыңдау, құйма, тегістеу, біліктеу, көркем шекіме, канфарень (өтпейтін бізбен шекіме жасау арқылы металдың үстіне бүршіктік және күңгірт әсер беру), бастырма, оймыштау, нақыштау, оброн (сурет айналасын ойып тастау техникасы), сымкәптау (филигрань), бүршік, қарала, тыныке (финифть), инкрустация, қырнау, жылтырату және т.б. тәсілдер қолданылады. «Зергерлік өнер» ұғымының негізгі мазмұны қоршаған өмір шындығын түрлі іс-әрекеттер мүмкіндіктерін қолдану мен көру арқылы қабылдауға құралатындықтан осы саланы зерттеген еңбектерге жасалған талдау оның мазмұндық ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Қалмырза Тасовтың зергерлік өнерінің мазмұндық ерекшеліктерін тану мынадай бағыттарды қамтиды: 1. Өзіндік жасалу тәсілдеріне, жасалатын материалдарына, шеберлерлік іс-әрекеттеріне байланысты; 2. Зергерлік бұйымының өмірде қолданылуына байланысты көрмелік-станоктық, тұрмыста қолдану бұйымдарына бөлінуі; 3. Бұйымының көркемдік ерекшелігіне байланысты: идеялық мазмұнына, композициялық құрылымына, колоритіне, ою-өрнектеріне орындау техникасына жіктелуі; 4. Орындау дәстүрлеріне байланысты ұлттық дәстүрді жалғастыру және оны жаңа технологиямен толықтыру арқылы жасалған бұйымдар болып бөлінуі.

Зергер Қалмырза Тасовтың шығармашылығының ерекшелігі ұлттық көркемдік дәстүр жалғастығының мазмұндық ерекшеліктеріне

жасаған талдау бізге оның туындыларының атқаратын қызметін анықтауға мүмкіндік береді: 1. Практикалық: тұрмысқа қажетті көркем бұйымдарды жасау және практикалық қолданыста пайдалануға; 2. Эстетикалық: сұлулықты қабылдауға, қуанышқа бөлеуге, жақсы эмоциялық, көңілді күй туғызуға; 3. Ақпараттық: адам ойын, арман-тілегін, көзқарасын бейнелі түрде жеткізуге; 4. Танымдық: бұйым табиғат сұлулығын көрсетуге, адамның наным-сенімдерін тұрмыс-тіршілігін бейнелеуге мүмкіндік береді.

Тасов Қалмырза Әлібекұлы 1956 жылы 1 шілдеде Түркістан қаласында дүниеге келеді. 1963-1973 жылдары аралығында орта білім алды. 1974- 1978 жылдары аралығында Шымкент педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетін бітірген. Бозбала шағында көрген сол түсі өмір бойы жүрек төріне мызғымастай орнап қалыпты. Күні бүгінге шейін көз алдына елестейді. Сол түсін есіне алса болды елегізіп, бір нәрсесін жоғалтқан жандай беймаза күй кешеді. Иә, түсінде үстіне әппақ шапан киген ақ сақалды қарияны көрген. Көрік басып тұр екен дейді. Бұл төсте тұрған қып-қызыл темірді балғамен солқылдата ұрып жатыр. Қызған темірден ұшқын шашырайды... Жаны рахаттанып, тер саулап барады. Жан сарайы ашылған. Еңсесін езе беретін ауыр салмақтың қайда кеткенін білмейді... Сол күннен бастап Қалмырзадан тыныштық кетті. Ағаштан, темірден әртүрлі бұйымдар жасауға деген әуестігі арта берді. Сол құштарлық Қалмырзаны Шымкент педагогикалық институтының сурет-графика факультетіне жетелеген. Барды. Түсті. Жақсы бітіріп шықты. Институттан соң Түркістанға оралып мектепте сабақ беріп жүрген күндердің бірінде Қалмырза Тасов Қызылорданың облыстық газетінен Мизам ұстаның зергерлік өнері жайлы мақаламен танысады. Мизам ұста Қызылорда облысының Абай савхозында тұрады екен. «Жанымды қинайтыны - ата-аналарымнан үйренген асыл өнерімді, жылдар бойы тірнектеп жинаған тәжірибемді үйретіп кетер адам таппай жүрмін», - депті Мизам ұста тілшімен әңгімелескенде. Бұл зергердің көңіліне тағы да алаң кіргізді. Етектен тартқан ұсақ-түйек жүз шаруаны ысырып салып, Қызылордадағы Мизам ұстаға баруға көңілі ауды. Тіпті жеткенше асықты. Көре алмай қалам ба деген күдікті ой қариямен бетпе-бет жүздескенге шейін көңілінен сейілмей қойғанды. Мизам ұста алғашында тосырқай қарсы алған. Мән-жайды білген соң қатты қуанады. Дүкенін ашты, дүниелерін көрсетті. Ұзын бойлы, кең жауырынды қарт ұста өмір бойы жинақтаған бай тәжірибесін Қалмырзаға үйретуден жалыққан жоқ. Қалмырзаны

жанына ертіп ауыл ақсақалдарының үйін де аралап шыққан. Қай үйге барса да Қалмырза мені сонау Түркістаннан іздеп келіпті. Өнерімді үйреніп калсам дейді, менің де құдайдан тілерім осы емес пе? - дейді кәдімгідей мақтаныш сезіммен. Қалмырза табандатқан бір ай жатып Мизам ұстадан темірден түйін түйдің қыр-сырын үйреніп қайтқан. Содан бері зергерлік өнерден қол үзбей, ұмыт бола бастаған әшекейлік бұйымдарды қайта жандандырумен келеді. Жүзік, сырға, алқа, білезік сияқты әйелдердің әшекейлік бұйымдарын өзіндік өрнекпен жасауды меңгерді. Қазір өнерді бағалай білетін жерлестері Қалмырзаның қолынан шыққан әшекейлік бұйымдарды баспай таниды. Ол кезінде Арыстан бабтың мұражайынан ғана көрген жұмыр білезікті соғудың кілтін тауып, құпиясын ашты. Кейінгі кезде сувенир тайқазан жасап, жұртты тағы бір елең еткізді. Бұл сувенирдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде тұрған қасиетті тайқазаннан еш өзгешелігі жоқ десе де болғандай. Әрбір өрнегіне шейін, әрбір емшегіне шейін айна қатесіз жасай білген. Бұл сувенир тайқазандар ұлы тойға келген қонақтарға таратылған сыйдың ең алды болды. Қалмырза Тасовтың ендігі арманы - соңымнан шәкірт ертсем, ұмыт бола бастаған ұлттық зергерлік өнерді қайта жандандырсам дейді. Зергердің кәсіптегі мақсаты – көне, ұмыт болған зергерлік бұйымдарды қазіргі заман талабына сай қайта жанғырту.

Қолөнер шебері көптеген халықаралық және республикалық көрмелерге қатысқаны үшін мақтау қағаздарымен құнды сыйлықтарға ие болды. Түркістанның 1500 жылдығы қарсаңында тойдың барынша мәнді де мазмұнды өтуіне белсене қатысты, ерекше еңбек сіңіргені үшін Қазақстан Республикасы ұлттық комиссиясының ЮНЕСКО бойынша өкілдері мақтау қағазымен марапаттады. Халықаралық аумақтық қол өнерді дамыту мақсатында өткен "Атырау-2001" көрмесінен шеберге сертификат берілді. Шағын және орта бизнес саласындағы 2003 жылғы «Жылдың үздік қолөнер шебері» номинациясының жүлдегері. Қолөнершілердің ІІ-ші халықаралық "Жібек жолы" фестивалінің дипломын иемденуші. Қазіргі таңда осы өнерді дамыту мақсатында шәкірттеріне тәлім беруде.

Зергер Қалмырза Тасовтың шығармашылығының ерекшелігі – оның ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығы шашбау, алқа, сырға, білезік, қапсырма, ер тұрман безендіру әшекейлерін жасауы, сонымен бірге тұрмыс заттарының форма, түс, тұтыну қажеттігі, техникасы мен технологиясын жаңа материалдармен, жаңа жеке дара өзіндік ою өрнектермен ұштастыру, дәстүрлі зергерлікті жалғастыру болып

табылады. Шебер зергерлік бұйым пішінін құрамдауда шеңбер, шар, үшбұрыш, төртбұрыш, трапеция көріністерін тұтастықта алып көркем жоба жасаумен мен дараланады, бұйымды безендіруде өсімдік және геометриялық көріністер тектес өрнектерін қолдануға басымдық береді. Қолөнер шебері Қалмырза Тасов шығармашылығының көркемдік ерекшеліктері – оның жасап шығарған бұйымдарының бабалардың ұсталық қызметтегі көркемдік дәстүрін жалғастыруға, атап айтқанда пішін құрамдауға, материалтануға, ұлттық өрнектерді безендіру мүмкіндігі ретінде қолдануға, инновациялық технологияның барлығын жинақтай келе тұтастықта қолдануға негізделген. Қалмырза Тасов ұлы дала көшпенділерінің алтын мен күмістен зергерлік бұйым жасау дәстүрін жалғастырушы. Оның өмір бойы жасаған бұйымдары «Ұлы дала рухы» атты тақырыпқа бірігеді. Шебер шығармашылық пен ұстаздықты қатар ұштастырған тұлға. Оның қызметі көркемдік білім беруде - әлемдік бейнелеу нұсқаларын қолданумен сипатталса, ал әсемдік тәрбие беруде ұлттық мәдени құндылықтарды тәрбие мазмұны ретінде қолданумен ерекшеленеді. Шебер қазіргі кезде Түркістан балалар қолөнер мектебінде зергерлік класында сабақ береді. Зергердің жастармен жұмыс жүргізудің негізгі бір формасы – шеберлік класын өткізу. Оның негізгі тыңдаушылары - мектеп оқушыларымен қатар мектеп мұғалімдері, университет студенттері мен тәлімгерлері, өнертанушылар мен әуесқой суретшілер. Зергер Қалмырза Тасовтың шығармашылығындағы ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығы - шебер жасаған көркем зергерлік бұйымдарға деген тұтынушылардың сұранысының артуымен, дәстүрлі пішін құрауды, безендіру әдістерін шебердің қатаң сақтауы мен оны жаңа мазмұнмен байыта түсуімен ерекшеленеді.

Зергер шығармашылығының өнертанымдық-педагогикалық мәні – зергерлікті көркемдік білімі көзі ретінде тануы мен этнопедагогикалық тәрбие бастауы ретінде қабылдаумен сипатталады. Зергер өнер бұйымдарын жасау алдында болашақ бұйымның пішінқұрауын, құрылым композициясын, безендірілуін, материалда орындау техникасын жобалау әдістерін ұтымды қолданады. Шебердің шығармашылығындағы басты назар аударатын негізгі ерекшелік – ұлттық көркемдік дәстүрдің жаңа заманауи технологиялар көмегімен орындалу бағытындағы жалғастығы. Зергер шығармашылығындағы ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығы, жастардың қызығушылығын тудыратын, көркемдік білім берудің мүмкіндігі екендігі көрсетеді. Сонымен қатар зергердің шығармалары білім беру мен тәрбие беру

Функциясын қатар атқаратын мүмкіндік екенін көз жеткізеді. Шебер әр уақытта халықтың зергерлік бұйымға деген сұранысын ескеріп, оны үнемі зерттеп отырады. Қалмырза Тасовтың шығармашылығы жастардың зергерлікке деген қызығушылығын тудырып, оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Оның шығармашылығындағы ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығын насихаттау бағдарламасы жасалса; оның ұлттық көркемдік дәстүрдің оқытудың әдістемелік нұсқаулары практикаға ендірілсе, зергер туралы зерттеу жұмысының нәтижелері өнертанымдық айналымға енсе, ұлттық зергерлік өнерді ұлттық құндылық ретінде тану мен тәрбие жұмыстары ұтымды болары сөзсіз.

Елімізде қолөнер шығармашылығындағы ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығы проблемасын зерттеу күрделі болғандықтан, оның көптеген салаларын бірден қамту мүмкін емес. Қалмырза Тасовтың шығармашылығы, шәкірттерді зергерлік шеберлік дәстүріне үйретуімен және ол ұлттық тәрбиемен ұштасқандықтан ұстаздық қызметі өміршең бола түсуде. Бала тәрбиесі – қоғам тәрбиесін, мәдениетті, тілді, дәстүрлі сақтау, біздің қасиетті борышымыз, біздің иығымызбен көтеретін жүк. Зергерлік өнер мәңгілік. Қандай жағдай болса да ұлттық қолөнердің дамуын тоқтатпау қажет. Зергерлік өнер ең алдымен рухани мұра. Сондықтан зергер Қалмырза Тасов қазақтың ұлттық бұйымдарының әлемдік брендке айналуына өз үлесін қосуда. Қазақ халқының зергерлік өнер тәжірибесі мен бабалар өнері ұрпақтан ұрпаққа беріліп жалғасып отыруы тиіс.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Акышев П. Древнее золото Казахстана. Алматы 1983. – С. 194.
2. Тоқтабаева Ш., Бронислав З. Жизнь казахских степей. Алматы, 1989. -С. 156.
3. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. Алматы, 1998. –198 б.
4. Ералин К. Қазақстан бейнелеу өнері шеберлері. Алматы. РОӘК. 1998. –100 б.
5. Марғұлан Ә. Қазақтың сәндік қолданбалы өнері. -Алматы: Өнер, 1989. – 409 б.
6. Мұханов М. Қазақтың үй шаруашылығындағы көркем қолөнері. –Алматы: Ғылым, 1978. – 88 б.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері, А., 1995. – 265 б.
8. Ергалиева Р. Феномен степи в живописи. Алматы, Нац.Акад.наук НИИ литературы и искусства. 2002. –С.132.
9. Ковалев А. Введение в современное искусство. – М.: Три квадрата. 2002. – С.335.
10. Мамбеткадыров Ғ.А. Формирование и развитие скульптуры Каракалпақстана (60 г. XX–нач. XXIв.). 17.00.04-изобразительное и декоративно-прикладное искусство. Автореф.дисс.док. философии (PhD) по искусствоведению. Ташкент. НИИ искусствознаний. 2018. –С.51.

#### **REFERENCE**

1. Akyshev P. Drevnee zoloto Kazahstana. –Almaty 1983. –S. 194.
2. Toqtabaeva. Sh. Bronislav Z. Jzn kazahskih stepei. –Almaty,1989. –S. 156.



3. Ámirgázin Q. Qazaq qolóneri. –Almaty, 1998. -198b.
4. Eralin K. Qazaqstan beineleý óneri sheberleri. –Almaty. ROÁK. 1998. –100 b.
5. Marǵulan Á. Qazaqtyń sándik qoldanbaly óneri. –Almaty: Óner, 1989. – 409 b.
6. Muhanov M. Qazaqtyń úi sharýashylyǵyndaǵy kórkem qolóneri. –Almaty: Gylym, 1978. –88b.
7. Qasimanov S. Qazaq halqynyń qolóneri, –A., 1995. – 265 b.
8. Ergalieva R. The phenomenon of the steppe in painting. – Almaty. NAT.Acad.Science Institute of literature and art. 2002. –P. 132.
9. Kovalev A. Introduction to contemporary art. – M: Three squares. 2002. – S. 335.
10. Mambetkadirov G. A. Formation and development of sculpture of Karakalpakstan (60 years of XX - early XX1 century). 17.00.04-fine and decorative arts. Abstract. Diss. dock. philosophy (PhD) in art history.Tashkent. Research Institute of art. 2018. –S. 51.

#### **Аннотация**

В статье раскрывается жизнь и некоторые творчества мастера прикладного искусства К. Тасова. В центре ремесленников г. Туркестан проанализированы исследования древнего ювелирного искусства, педагогическая деятельность ювелира в Школе ремесел этого центра по преподаванию в классе ювелирного искусства. Описаны художественные особенности произведений «члена Союза мастеров прикладного искусства Республики Казахстан» К. Тасова. Раскрыты художественные особенности произведений, которые были выставлены на международных республиканских выставках и занявшие призовые места в конкурсах искусств. Взяв в качестве художественного критерия искусствоведческого размера преемственность традиций, формообразование, эргономику, целеустремленность, индивидуальность лучших ювелирных изделий, в процессе изготовления традиционных образцов художественных изделий по технологии ювелирного искусства рассматриваются бытовые потребности, декоративный спрос, индивидуальность. Определив методы и приемы, содержание художественного образования и эстетического воспитания учеников К. Тасова, охарактеризованы методы работы по выбору материала.

**Ключевые слова:** исследование формы, национальная традиция, оригинальность в искусстве, традиция в искусстве, эстетическое воспитание  
**(К.Е. Ералин, Г.К. Ералина. Художественные аспекты мастера ювелирного искусства К. Тасова)**

#### **Özet**

Makalede, K. Tasov'un hayatı ve edebi kişiliğinin sanatsal yönü ele alınmıştır. Tasov'un Türkistan'daki uygulamalı Sanat Merkezi'nde antik mücevher sanatı araştırmalarının sonuçları ile kuyumculuk sanatında eğitim faaliyetleri de analiz edilmiştir. Ulusal ve uluslararası sergilerde yer alan ve ödül alan sanatçının eserlerinin sanatsal özelliği ortaya konulmuştur. Gelenek, şekil verme, ergonomi, odaklılık, seçilen mücevherlerin orijinalliği ve sanat eleştirisi sanatsal bir boyut olarak tanımlanır. Antik takı ve metal işleme teknolojisi ürünleri tasarımı süreci; ev ihtiyacı, estetik talebi ve ürünlerin orijinalliğini incelemek şeklinde üç aşamada değerlendirilir.

K. Tasov'un estetik eğitim içeriği ve yöntemleri üzerinde durulan bu çalışmanın amacı sonuçları bakımından gelecekteki eğitimcilere, sanatçılara, yüksek lisans ve doktora öğrencilerine yöneliktir.

**Anahtar kelimeler:** çalışma şekli, milli gelenek, sanatta orijinallik, sanatta gelenek, sanat tarihi düşünceleri, sanat eğitimi, estetik eğitim  
**(K.Eralin, G.Eralina. Sanat Ustası Kalmirza Tasov'un Yaratıcılığı)**